

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Мәртебелі мамандық

Деректерге жүгінсек, еліміздегі 11 мыңға жуық кітапханада 25 мыңдан астам кітапханаши қызмет етеді екен. Осыншама қызметкерлердің ішінде ер кітапханашилардың қарасы – 5-6 пайыз ғана. Оның себебі ел арасындағы кітапханаши – әйел адамның жұмысы ретінде қалыптасып қалған түсінік пен еңбекақының аздығымен байланыстырылады.

Бұл мәселеде ең бірінші орында ұлтқа, ұрпаққа қызмет тұруға тиіс деп есептейді Тұлкібас аудандық орталық кітапханалар жүйесінің әдіскері, - жас кітапханаши Нұрбол Нышанбай. «Шамалы айлыққа қарап отырудың орнына құрылыста болса да қара жұмыс істеп, отбасын асырауды жөн көретін азаматтар жетерлік. Кітапханашины – ағартушы дейтін болсақ, ең бірінші орында ұлтқа, ұрпаққа қызмет тұруға тиіс. Алайда қазіргі қоғам, қазіргі заман оған мүмкіндік берер емес. Дегенмен, Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітапхана мен кітапханаши туралы бірқатар мәселені көтеріп, мәртебесін арттыру, айлық жалақысын көбейту туралы айтқан еді. Бұл әрине біз үшін, руханият жана шырлары үшін қуанышты жайт. Енді бұл мамандыққа қатысты қасаң түсініктің өзгерері анық. Ел арасында кітапханаши деп тек кітапты үйге жазып беріп отыратын орта жастан асқан апайларды елестетеді. Негізі олай емес екені баршамызға аян. Кітапханашины оқу-ағарту жолындағы хабаршы деп санаймын. Ұрпақ сабактастығы мен ұлт тәрбиесінде кітапханашилардың еңбегі ерен», дейді Н.Нышанбай. Кітапханада әдіскер қызметін атқарып жүрген ол жоғары оқу орнын журналистика мамандығы бойынша бітірген. Тұлкібас аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде бес ер адам қызмет етеді. Олардың арасында «Рухани қазына-2024» республикалық фестивалі аясында «Үздік ауылдық кітапхананың үздік қызметкері» атальмы бойынша ақтық сынға жолдама алған Мейірхан Топанбай да бар. Дәл осы фестивальда 2022 жылы Тұлкібас ауданы, Шақпақ баба ауылдық кітапханасының меңгерушісі Рысбек Игенбаев жүлделі сыйлыққа ие болған екен. «Түркі ойшылдарының атасы саналатын, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің Х ғасырда өзінің жеке кітапханасы болған. Математика, астрономия, физика, музика салалары бойынша өзі жазған еңбектері мен түрлі тақырыптағы құнды жазбаларды сақтаған. Оларды сақтап қана қоймай, шәкірт тәрбиелеп, насиҳаттаған. Демек қазақ даласындағы тұңғыш ер кітапханаши деп Әл-Фарабиді айтуымызға толық негіз бар. Ал Отырардағы кітапхана дүркіреп түрған кезде, қала маңындағы шағын ауыл-аймақтардың өзінен түрлі ғұламалар шықты. Біздегі кітапхана саласына сол дәуірдегі ойшылдар секілді құрметпен, шынайы пейілмен зер салсақ ер-азаматтар тартылады. Бұгінде кез келген ауылдық, аудандық, тіпті облыстық кітапханалардың материалдық-техникалық базасы нығайған, кітап қоры жеткілікті, оқырман үшін қолайлы жағдай жасалған, айлық мәселесі орнықты болса, ер-азаматтарымыз кітапхана-

шы болуға асығар еді. Себебі XXI ғасырда әл-Фараби кезеңіндегідей кітапханашы алдыңғы орынға шығып, қоғамда өз орнын тауып отыр», деді Нұрбол Нышанбай облыс кітапханашыларының басқосуында.

Осы арада айта кетелік, кітапханашы ер-азаматтардың кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігін және беделін арттыру мақсатында облыс бойынша «Кітапханашы азамат» байқауы үйымдастырылған болатын. Байқаудың нәтижесінде бас жулдені Тұлқібас аудандық орталық кітапханалар жүйесінің қызметкері Нұрбол Нышанбай иеленсе, бірінші орынды Отырар ауданынан Жасұлан Таменов, ал жетісайлық Қуаныш Баҳтиерұлы II орын, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылдық кітапханасының қызметкері Ғазиз Смағұлов жүлделі III орынды иеленді. Яғни адад еңбегімен ауылдастарының сый-құрметіне бөленіп жүрген кітапханашы ер-азаматтар барлық ауданда бар. Солардың бірі – Сарыағаш ауданы Құркелес ауылының тумасы Өміржан Қарабасов. Жетісай гуманитарлық колледжін кітапхана ісі мамандығы бойынша бітірген ол алғашқыда кәсіпкерлікпен айналысып, сауда жасап та көрген. Дегенмен 2012 жылды өзі таңдаған мамандығы бойынша Құркелес ауылдық кітапханасына жұмысқа орналасады. «Мамандық таңдауға анам себепкер болды. Мектепте оқып жүргенімде анам кітапханада жұмыс істеді. Еңбек сабағы кезінде сол кісінің жанынан табылатынмын. Сабақтан қайтқанда да анама кіріп шығу әдетім еді. Оған онша-мұнша жұмыстарға қолғабыс етіп, кітаптарды реттеуге көмектесіп жүрдім. Сол кезде оның кітапқа деген ерекше ықыласы, жанашырлығы, оқырмандарға деген сүйіспеншілігіне қызығып қарадым. Сөйтіп жүріп өзім де осы мамандықтың иесі болып шыға келдім», дейді Өміржан. Иә, Өміржанның аны Гүлсара Қебенова өзінің саналы ғұмырын осы салаға арнаған жан. Еңбек жолын 1973 жылды Құркелес ауылында кітапханашы болып бастаған Гүлсара Қасымбекқызы қырық жылын кітапхананың өсіп-өркендеуіне арнаған. Өткен ғасырдың тоқырау жылдарында ауылдық кітапхананың жабылып қалған кезі де болды. Сол кезде ол үйдегі бар кітаптарын жинақтап, жеке кітапхана ашады. Біраз жылдар бұл кітапхана елге қызмет етті. Кейін ауылдық кітапхана қайта жұмысын жалғастырғанда қуана қызметіне кіріскең. Бұгінде Гүлсара Қасымбекқызы бейнетінің зейнетін көріп отырса да соңғы жаңалықтарға құлағы қашанда түрік жүреді және кітапхана ісінің жанданып жатқанына дән риза. «Кезінде кітапханашылар беделді, сұраныстағы мамандардың қатарында болды. Ел ішінде біздерді сыйлайтын. Алайда кейінгі жылдары кітапхана, кітапханашылар елеусіздеу қала бастағандай болып еді. Енді Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен кітапхана ісі қайта жанданып, бойына қан жүгірді. Мекемелер жаңарып, кітаптар толыға түсті. Сандық технология бойынша халыққа қызмет көрсететін заманауи кітапханалар көбейді. Қазір оқырмандарға қажетті кітаптың барлығы дерлік ауылдық кітапханадан да табылады. Жастар үшін білім алуға, біліктілігін дамытуға мүмкіндік көп. Кітапханашылардың да жалақысы өскенін естіп жатырмыз. Жаңашылдықтың нәтижесінде қазір

кітапханашыларға да сұраныс көбейіп, бұл мамандықтың беделі де арта түсті. Осындаған оң өзгерістер әрине, қуантады», дейді Гүлсара Қасымбекқызы. Ал анасының жолын қуып, ісін жалғастырған Өміржан Қарабасов кітапханашы мамандығының өміршең болуы оның арқалаған жүгінде, миссиясында деп есептейді. «Шын мәнісінде біздің міндегімізге кітап реттеу ғана емес, одан әлдеқайда маңыздырақ істер кіреді. Біз әмбебаппыз. Бірінші кезекте оқырмандарға жоғары деңгейде сапалы қызмет көрсету, жаңа кітаптарды елге таныстыру, сондай-ақ балаларды, жастарды отансүйгіштікке, адалдыққа, білімге тәрбиелеу біздің парызымыз. Тұрғындарды сауаттылыққа, адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеуге атсалысамыз. Өңіріміздегі ақындармен, өнер және еңбек адамдарымен жастардың кездесу кештерін үйімдастырып, өмірден өткен халқымыздың айтулы ақын-жазушыларының шығармаларын ұрпақ санасына сіңіруге тырысып келеміз. Кітаптың құдіреттілігін терең түсіне білген жан ғана осы рухани ордада қызмет атқара алады. Жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттыруға, талғамына, таңдауына сай әдебиеттерді іріктеуге көмек көрсету, окуға деген ынта-ықыласын көтеру кітапханашының басты міндегі», дейді Өміржан Қарабасов.

Қазіргі таңда Сарыағаш ауданында 35 кітапхана халыққа қызмет көрсетіп келеді. Олардың барлығы компьютермен жабдықталып, 70%-ы интернет жүйесіне қосылған. Кітапханалар жүйесі бірнеше маңызды тақырыптағы жобалармен жұмыс істеп, нәтижесінде кітап оқуға құштарлығы артқан оқырмандардың саны артып отыр. Мысалы, интеллектуалды бәсекеге қабілетті оқырман тәрбиелеу мақсатында «READx» оқырмандар клубы ашылған. Сарыағаш аудандық кітапханалар жүйесінің әдіскері Өмірзақова Гүлзариға «Кітапханашы – кітап оқы» атты тоқсан құндік марафонға қатысушылар арасында пікір алмасулар, әдеби талдаулар сынды іс-шаралар үйімдастырылып, оқырманға насиҳатталғанын айтады.

Айта кетелік, тамызда «Заманауи мүмкіндіктер мен дәстүрлі әдіс» тақырыбында өткен кітапханашылардың III облыстық слетінде өңірдегі 400-ге жуық кітапхана оқырмандарының сұранысын қанағаттандыру бағытындағы тиімді әдістер, бұл саладағы шетелдік тәжірибе, жаңа - технологиялар талқыланып, жұмысты оңтайландыру мүмкіндіктері қарастырылған болатын.

Галымжан ЕЛШІБАЙ
Түркістан облысы